

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағының талаптарына сәйкес, 2021 жылғы мамыр айында Астана қаласы әкімдігінің ГККП «Театр кукол» акимата города Астаны жанынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі ұйымдастырылды.

Қазіргі уақытта Астана қаласы әкімдігінің ГККП «Театр кукол» акимата города Астаны комплаенс-офицері болып Мұқатаев Н.С. тағайындалған.

Астана қаласы әкімдігінің ГККП «Театр кукол» акимата города Астаны сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің жауапты қызметкерінің телефоны: 8 (7172) 43-96-24.

Комплаенс-офицер қызметінің мақсаты

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу, сыбайлас жемқорлықтан бас тартатын және өзінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде адалдық пен сатылмайтындық қағидаттарын қамтамасыз ететін, Қоғамның ішкі құқықтық және корпоративтік мәдениетін қалыптастыру.

Міндеттері.

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында бірыңғай саясат жүргізу;

Театрдың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінде кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілік түсінігін қалыптастыру;

Театрдың лауазымды адамдары мен қызметкерлерін, сондай-ақ үшінші тұлғаларды сыбайлас жемқорлық қызметіне тарту тәуекелін барынша азайту;

сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимылға, сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің салдарын азайтуға және жоюға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу және енгізу.

қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ Театрдың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды қатаң сақтауға тәрбиелеу;

Театрдың ішкі нормативтік құжаттарында сыбайлас жемқорлық факторларының болуына жол бермеу;

жұмысты орындау және қызмет көрсету кезінде ашықтықты, адал бәсекелестікті және объективтілікті қамтамасыз ету.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар

Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің туындауы мүмкін Театр қызметінің бағыттары.

1. сыйлықтар және өкілдік шығындар;
2. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде үшінші тұлғаларды тарту;

3. жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдарға, мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға төлемдер;
4. демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету;
5. Театр қызметі шеңберінде мәмілелер жасау, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүргізу;
6. персоналды басқару;
7. ішкі құжаттардың қаржылық және құқықтық сараптамасы.